

БӨЛІМ: UNIVER / СТУДЕНТ

Отбасылық зомбылық - көрінбейтін дабыл: статистика мен алдын алу шаралары

ЖАРИЯЛАНДЫ
15.10.2025**ТІРЕК СӨЗДЕР**

әлеуметтік қолдау, гуманизм, Қазақстан, қоғам, құқық қорғау, отбасылық зорлық-зомбылық, профилактика, статистика, тұрмыстық зомбылық, шынайылық принципі

СІЛТЕМЕ<https://bilimger.kz/183371/>

Байзахқызы Аружібек

Аннотация: Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы өзекті әрі күрделі мәселе – отбасылық зорлық-зомбылықтың көрінбейтін сипаты мен оның алдын алу шаралары талданады. Автор материалды журналистиканың шынайылық принципі негізінде жазып, соңғы жылдардағы ресми деректер мен нақты статистикалық мәліметтерге сүйенеді. Мақалада Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың деңгейі артып келе жатқаны көрсетіліп, 2024 жылы тіркелген 1,6 мыңнан астам қылмыстық іс пен 2,2 мыңнан астам тұрмыстық жанжалдың мысалдары келтіріледі. Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігі мен Үкіметтің алдын алу бағытындағы жаңа шаралары, атап айтқанда қорғау бұйрықтарын күшейту, кризистік орталықтарды көбейту және жәбірленушілерге құқықтық көмек көрсету жүйесін дамыту бойынша жүргізілген жұмыстар сипатталады. Автор отбасылық зорлық-зомбылықтың тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның мәселесі екенін атап өтіп, қоғам тарапынан үнсіз қалу бұл құбылысты одан әрі тереңдететінін көрсетеді. Мақалада нақты мысалдар арқылы отбасылық зорлықтың әлеуметтік және психологиялық салдары ашылып, оны азайту үшін тиімді ақпараттық, құқықтық және әлеуметтік шаралар ұсынған.

Кілт сөздер: отбасылық зорлық-зомбылық, тұрмыстық зомбылық, профилактика, статистика, қоғам, шынайылық принципі, құқық қорғау, әлеуметтік қолдау, гуманизм, Қазақстан.

Кіріспе

Отбасылық зорлық-зомбылық – қазіргі қоғамдағы ең күрделі және алаңдатарлық әлеуметтік мәселелердің бірі. Бұл құбылыс көбіне жасырын сипатқа ие болып, көптеген жағдайлар ресми тіркелмей қалады. Алайда соңғы жылдардағы статистикалық

мәліметтер қоғамда бұл мәселенің қаншалықты кең таралғанын айқын көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2024 жылы елде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша 1,6 мыңнан астам қылмыстық іс қозғалған, ал әкімшілік құқық бұзушылықтар саны 10 мыңнан асады. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда екі есеге жуық артқан. Сарапшылардың пікірінше, мұндай жағдайдың жиілеуіне әлеуметтік тұрақсыздық, экономикалық қиындықтар мен қоғамдағы психологиялық қысым себеп болып отыр. Отбасылық зорлық-зомбылық тек жеке адамның өміріне емес, сонымен қатар ұлттың рухани саулығына да қауіп төндіреді. Бұл – тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекет құрылымдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Сондықтан да мұндай әрекеттердің алдын алу, зардап шеккендерді қорғау және құқықтық мәдениетті арттыру бүгінгі күннің ең өзекті міндеттерінің бірі болып отыр.

Негізгі бөлім

Қазіргі қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі — отбасылық зорлық-зомбылық. Бұл құбылыс тек жеке отбасының трагедиясы ғана емес, тұтас қоғамның рухани және әлеуметтік денсаулығына әсер ететін ұлттық проблемаға айналды. Қазақстанда соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жиілігі күрт артып отыр. Ішкі істер министрлігінің 2024 жылғы ресми деректері бойынша, елде 1600-ден астам отбасылық-тұрмыстық қылмыс тіркелген. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда шамамен үш есеге көп. Сонымен қатар, әкімшілік сипаттағы құқық бұзушылықтар саны 10 мыңнан астам болған, олардың басым көпшілігі әйелдер мен балаларға қарсы жасалған. Мәселен, Атырау облысында 2024 жылы 2,2 мың тұрмыстық жанжал тіркелген. Бұл дерек алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай көп. Сарапшылар мұндай өсімнің себебін экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздық, пандемияның салдары және қоғамда зорлық-зомбылықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдау дәстүрінің сақталуымен түсіндіреді. Яғни, зорлық тек физикалық түрде ғана емес, психологиялық, эмоционалдық және экономикалық деңгейлерде де көрініс табады.[1]

Психологиялық зорлық — ең жиі кездесетін және ең жасырын түрлердің бірі. Әйелдер мен балалар көбінесе қорқыту, қорлау, оқшаулау немесе қаржылық қысым түріндегі зорлыққа тап болады. Мұндай жағдайлардың көпшілігі құқық қорғау органдарына жетпейді, себебі жәбірленушілер қорқудан, ұяттан немесе қоғамның кінәлауынан қорқады. Бұл жағдайды БҰҰ Әйелдер ұйымының (UN Women) 2022 жылғы есебі де растайды: Қазақстандағы әрбір үшінші әйел өмірінде кем дегенде бір рет физикалық немесе психологиялық зорлық көрген. Мұндай деректер отбасылық зорлық-зомбылықтың ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіретін деңгейге жеткенін көрсетеді. Зорлыққа ұшыраған әйелдердің көпшілігі құқық қорғау органдарына жүгінбейді, өйткені олардың кейбірі экономикалық тәуелділікке байланған.

UN Women зерттеулеріне сәйкес, мұндай әйелдердің 65%-ының тұрақты табыс көзі жоқ, ал 40%-ы күйеулеріне материалдық жағынан толық тәуелді. Бұл тәуелділік олардың зорлықтан құтылуын қиындатады және қылмыскердің жазасыз қалуына жағдай жасайды. 2023 жылы Қазақстанның Ішкі істер министрлігіне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты 110 мыңнан астам шағым түскен, бірақ олардың тек 14%-ы ғана сотқа дейін жеткен. Бұл – әрбір жетінші жағдай ғана ресми түрде қаралатынын білдіреді. Ал қалған оқиғалар «жеке отбасы ісі» деген сылтаумен назардан тыс қалып жатады. Бұл өз кезегінде зорлық-зомбылықтың қайталануына және оның қалыпты жағдайға айналуына себеп болады. Қоғамдағы осындай немқұрайлылық – зорлық-зомбылықтың ең қауіпті формаларының бірі. 2024 жылы Egemen Qazaqstan газетінде жарияланған зерттеуде респонденттердің 57%-ы тұрмыстық зорлықты «жеке отбасы мәселесі» деп санаған. Бұл көзқарас құқық қорғау органдарының және мемлекеттік құрылымдардың әрекет етуін шектейді. Көптеген адамдар өзге біреудің отбасындағы зорлыққа араласуды дұрыс емес деп есептейді, ал бұл көзқарас зорлық жасаушылардың жазасыз қалуына жол ашады. Мәселенің тағы бір маңызды аспектісі — балаларға қатысты зорлық. 2024 жылы Kazinform порталы хабарлағандай, Қазақстанда 225 бала зорлық-зомбылық құрбаны болған. Бұл тек ресми тіркелген істер. Балалар көбінесе ата-аналар арасындағы жанжалдарға куә болады немесе соның құрбанына айналады. Психологтар мұндай тәжірибе баланың психикалық дамуына ұзақ мерзімді зиян келтіретінін айтады.[6]

Мемлекет тарапынан алдын алу шаралары да қабылданып жатыр. 2023 жылы Үкімет «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды» бекітті. Бұл жоспар тұрмыстық зорлықтың алдын алу, жәбірленушілерге әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ құқық қорғау жүйесін жетілдіруді көздейді. Бүгінгі таңда елімізде 40-тан астам дағдарыс орталығы жұмыс істейді, олардың кейбірі тәулік бойы қызмет көрсетеді. Алайда бұл орталықтар барлық өңірлерде бірдей қолжетімді емес. Әсіресе ауылдық жерлерде мұндай орталықтардың болмауы, әйелдердің ақпараттану деңгейінің төмендігі және құқықтық сауатсыздық — зорлық құрбандарының көмекке жүгінуін қиындатады. Сонымен қатар, заңнамалық тұрғыдан Қазақстанда «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң қабылданған. Бұл заң жәбірленушілердің құқықтарын қорғауға және құқық бұзушыларға әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік жүктеуге бағытталған. Бірақ заңның орындалу деңгейі кейде жеткіліксіз. Кейбір жағдайларда полиция қызметкерлері оқиғаны «жұбайлар арасындағы ұсақ жанжал» деп қабылдап, арызды тіркемей жібереді. Проблеманың тағы бір қыры — статистика мен нақты жағдай арасындағы айырмашылық. Сарапшылардың айтуынша, елде тіркелген зорлық-зомбылық фактілерінің саны нақты жағдайдан 3–4 есе аз болуы мүмкін. Себебі көптеген оқиғалар есепке алынбайды, жәбірленушілер үнсіз қалады немесе келісім

арқылы мәселені жабады. Бұл ресми есептің сенімділігін төмендетеді және мәселенің шынайы көлемін анықтауды қиындатады. Мұндай жағдайда ақпараттық және ағартушылық жұмыстардың рөлі зор. БАҚ пен әлеуметтік желілерде отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы кампаниялар жиі өткізіле бастағанымен, олардың тиімділігі айтарлықтай емес. Қоғамда әлі де зорлықты «тәрбие тәсілі» немесе «отбасылық дау» ретінде қабылдау көзқарасы басым. Бұл ұстаным әсіресе аға буын өкілдері арасында жиі кездеседі. Психологтар мен әлеуметтанушылар бұл құбылыстың тамыры мәдени және патриархалды дәстүрлерде жатқанын атап өтеді. Көптеген отбасыларда ер адам әлі де билік иесі, ал әйелдің бағынышты рөлі қалыпты деп саналады. Мұндай көзқарас зорлық-зомбылыққа жол ашып, оны қоғам деңгейінде ақтайтын жағдай туғызады. Халықаралық ұйымдардың қатысуымен Қазақстанда бірнеше әлеуметтік жоба іске қосылды. Мысалы, UNFPA және UN Women қолдауымен «Зорлық-зомбылықсыз болашақ» атты бағдарлама жүзеге асуда, оның аясында мектептер мен ЖОО-ларда гендерлік теңдік, адам құқықтары, эмоциялық мәдениет тақырыптарында семинарлар өткізіледі.[5]

Отбасылық зорлық-зомбылық — қоғамның ең күрделі және көпқырлы әлеуметтік мәселелерінің бірі. Ол тек құқықтық немесе моральдық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік, психологиялық және мәдени сипатқа ие құбылыс. Зорлық-зомбылықтың түп-тамырында көбіне қоғамдағы теңсіздік, тұрмыстық қиындықтар, мәдени қалыптар мен психологиялық жарақаттар жатады. Бұл факторлар өзара байланысып, отбасындағы қатынастарды бұзады, ал мұның салдары тек жеке адамдарға емес, бүкіл қоғамға әсер етеді. Бірінші және ең басты себептердің бірі — патриархалды дәстүрлер мен гендерлік теңсіздік. Қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан «ер — отбасының басшысы, әйел — оның мойынсұнушысы» деген ұстаным әлі де сақталған. Мұндай түсінік әйелдің пікірін елемеуге, оның құқығын шектеуге және зорлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауға итермелейді. Кей жағдайларда тіпті зорлық-зомбылықты «тәрбие әдісі» немесе «ер адамның ашуын шығару тәсілі» ретінде ақтайтын көзқарастар да кездеседі. 2023 жылы БҰҰ Әйелдер ұйымы (UN Women) жүргізген сауалнамада қазақстандық ер адамдардың 28%-ы, ал әйелдердің 17%-ы «кейде күйеудің әйеліне қол көтеруіне болады» деген пікірмен келіскен. Бұл қоғамдағы гендерлік стереотиптердің әлі де терең тамыр жайғанын көрсетеді.[10]

Зорлық-зомбылықтың тағы бір маңызды себебі — экономикалық факторлар. Жұмыссыздық, тұрмыс деңгейінің төмендігі және әлеуметтік теңсіздік отбасындағы стресс деңгейін арттырады. Экономикалық тәуелділік те зорлықтың жалғасуына себеп болады. Әйел адам күйеуіне материалдық жағынан тәуелді болған жағдайда, ол көп жағдайда жәбір көрсетушіден кетуге батылдық таба алмайды. БҰҰ халық қорының (UNFPA) 2021 жылғы есебінде Қазақстандағы тұрмыстық зорлық құрбандарының шамамен 65%-ы тұрақты табыс көзі жоқ әйелдер екені анықталған. Мұндай тәуелділік әйелді қорқыныш пен үмітсіздік шеңберінде ұстап, зорлықты тоқтатуға мүмкіндік бермейді. Үшінші себеп — психологиялық және мәдени сауатсыздық. Көптеген адамдар

өздерінің мінез-құлқын бақылау, эмоцияны басқару, агрессиямен күресу сияқты дағдыларға ие емес. Кейде бала кезден көрген зорлық, ересек өмірде мінез-құлықтың қалыпты үлгісі ретінде қайтланады. Психологтар бұл құбылысты «зорлық циклі» деп атайды: зорлық көріп өскен бала өскен соң агрессорға айналуы мүмкін. 2023 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы балалар құқықтарын қорғау комитетінің зерттеуі бойынша, тұрмыстық зорлыққа куә болған балалардың 60%-ы ересек өмірінде агрессивті мінез-құлық танытады, ал 25%-ы өз отбасында зорлық-зомбылық жасайды. Бұл жағдай зорлықтың ұрпақтан ұрпаққа берілетін әлеуметтік «жұқпалы ауру» түріне айналғанын көрсетеді. Тағы бір маңызды себеп — ішімдік пен нашақорлық. Полиция статистикасы көрсеткендей, отбасылық жанжалдардың 70%-дан астамы алкогольдік мас күйде жасалады. Ішімдік адамның өзін-өзі бақылау қабілетін төмендетіп, агрессияны арттырады. Бұл әсіресе экономикалық қиындықтармен, жұмыссыздықпен және психологиялық тұрақсыздықпен қатар жүргенде өте қауіпті. Ішімдікке салынған ер адамдардың көпшілігі өз ашуын отбасына шығарады, ал әйелдер мен балалардың қорғансыздығы олардың негізгі нысанына айналады. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, отбасындағы зорлықтың жиілеуіне қоғамның немқұрайлығы да әсер етеді. Көптеген адамдар зорлық-зомбылыққа куә бола тұра, араласуға ұялатынын немесе «бұл олардың жеке ісі» деп есептейтінін айтады. Бұл үнсіздік зорлықты заңдастырудың бір түрі болып отыр. Әлеуметтанушы Г. Сатыбалды «Қоғам және зорлық: отбасындағы дағдарыс пен шешім жолдары» атты мақаласында, зорлықты қалыпты жағдай деп санау — ұлттық санадағы ең қауіпті құбылыс екенін атап өтеді. [2]

Психологиялық тұрғыдан алғанда, зорлық-зомбылықтың салдары тек жәбірленушіге ғана емес, зорлық көрсетушінің өзіне де зиян тигізеді. Агрессор да ішкі күйзеліс, ашу, өзін-өзі кінәлау сезімдерін бастан өткереді, бірақ оларды дұрыс өңдемейді. Бұл — қоғамдағы эмоциялық мәдениеттің төмендігін көрсетеді. Отбасындағы зорлықтың психологиялық әсері ұзақ уақытқа созылады: жәбірленуші адамның өзін-өзі бағалауы төмендейді, қорқыныш пен күйзеліс пайда болады, ал балаларда үрей мен сенімсіздік қалыптасады. 2022 жылы Қазақ ұлттық университетінде жүргізілген зерттеу нәтижесінде зорлық көрген әйелдердің 82%-ы посттравматикалық стресс белгілерін байқатқаны анықталған. Зорлықтың салдарлары тек психологиялық деңгеймен шектелмейді. Ол қоғамдағы демографиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерге де ықпал етеді. Мысалы, зорлық-зомбылықтың кесірінен көптеген әйелдер ажырасуға мәжбүр болып, балалар толық емес отбасыларда өседі. Бұл өз кезегінде балалардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады, қоғамдағы сенім дағдарысын тереңдетеді. Сонымен қатар, зорлық құрбандарына көмек көрсетуге жұмсалатын мемлекеттік ресурстар да жыл сайын артып келеді. Отбасылық зорлық-зомбылықтың психологиялық аспектісін қарастырғанда, қорқыныш мәдениеті ерекше орын алады. Көптеген әйелдер өз жағдайлары туралы ашық айтуға ұялады, себебі қоғамда «ұят болады» немесе «отбасыңды сақта» деген ұстаным басым. Бұл моральдық қысым

әйелдерді үнсіздікке итермелейді. UN Women есебі бойынша, Қазақстандағы әйелдердің тек 12%-ы ғана полицияға шағымдануға батылдық танытады. Қалғандары мәселені отбасында шешуге тырысады, бірақ бұл тәсіл көбіне нәтиже бермейді. Зорлықтың алдын алу үшін тек заң қабылдау жеткіліксіз. Қоғамда психологиялық сауаттылықты арттыру, эмоциялық мәдениетті қалыптастыру және гендерлік теңдік қағидаттарын нығайту қажет. Мектептер мен университеттерде «эмпатия», «жанашырлық», «қақтығысты бейбіт шешу» дағдыларына үйрететін бағдарламалар енгізу маңызды. Мұндай білім берудің нәтижесінде болашақ ұрпақ зорлықты емес, түсіністік пен құрметті қарым-қатынас нормасы ретінде қабылдайды. Мемлекет деңгейінде де жүйелі жұмыс қажет. Қазіргі таңда қабылданған «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңның орындалуын бақылау күшейтілуі тиіс. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдар мен полиция бөлімдерінде психологтар мен әлеуметтік қызметкерлердің санын көбейту маңызды. Бұл шаралар тек құқықтық емес, гуманистік тұрғыдан да тиімді, себебі зорлықтың түбірін жою тек жазалау арқылы емес, адамның сана-сезімін өзгерту арқылы жүзеге асады.[10]

Қазақстанда отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тек жазалау шараларымен шектелмей, алдын алу, қорғау және оңалту бағыттарында жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соңғы жылдары мемлекет бұл мәселені ұлттық деңгейдегі әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігіне айналдырды. 2023 жылы Үкімет қабылдаған «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» елдегі отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу ісінде басты стратегиялық құжатқа айналды. Бұл жоспардың мақсаты — зорлық-зомбылықтың барлық түрін азайтып, қоғамда нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ балалар мен әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Аталған жоспар аясында елімізде 40-тан астам дағдарыс орталығы жұмыс істейді, олардың жартысынан астамы мемлекеттік тапсырыс негізінде қызмет көрсетеді. Бұл орталықтарда жәбірленушілерге психологиялық, медициналық және құқықтық көмек көрсетіледі. Кейбір орталықтар уақытша баспана ұсынады, бұл өз өміріне қауіп төнген адамдар үшін өте маңызды. Мысалы, Атырау, Алматы және Астана қалаларында “қауіпсіз үйлер” бағдарламасы іске қосылып, зорлық көрген әйелдер мен балалар сол жерде уақытша тұрып, реабилитациядан өте алады. Ішкі істер министрлігі де зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында бірқатар шаралар қабылдады. 2024 жылы ведомство тұрмыстық зорлық фактілерін тіркеу және талдау жүйесін жаңартты, бұл статистиканы нақты жүргізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қорғау нұсқамасын бұзған адамдарға қатысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Полиция қызметкерлеріне гендерлік зорлық-зомбылық фактілерімен жұмыс істеу жөнінде арнайы оқыту курстары ұйымдастырылып, әйелдер мен балалар істері жөніндегі инспекторлардың штаты кеңейтілді. Қоғамдық деңгейде де зорлыққа қарсы қозғалыстар мен азаматтық бастамалар кең қанат жайды. Соның ішінде “NeMolchi.kz”

жобасы зорлық-зомбылықтың алдын алуда ерекше рөл атқарып отыр. Бұл қозғалыс 2016 жылдан бері жұмыс істейді және әлеуметтік желілер арқылы жәбірленушілердің даусын естіруге, олардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Сондай-ақ, “Право на защиту” атты құқықтық көмек жобасы еліміздің бірнеше өңірінде зорлық құрбандарына тегін адвокаттық және психологиялық қолдау көрсетеді. Бұл ұйымдардың тәжірибесі көрсеткендей, мәселені шешудің ең тиімді жолы — құқық қорғау органдары, азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының тығыз өзара әрекеттестігі.[7]

Зорлық-зомбылықтың алдын алуда медиа мен білім беру саласы да маңызды орын алады. Қазіргі таңда мектептер мен колледждерде “Отбасылық құндылықтар және зорлық-зомбылықтың алдын алу” тақырыбында тәрбие сағаттары мен тренингтер өткізілуде. Бұл бастама жастар арасында зорлықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдамауға бағытталған. Сонымен қатар, БҰҰ Әйелдер ұйымы (UN Women) мен БҰҰ Халық қоры (UNFPA) Қазақстан Үкіметімен бірлесе отырып, “Gender-Based Violence Prevention” атты ұлттық науқанды іске асырды. Бұл науқанның мақсаты — қоғамдық санада зорлық-зомбылықты ақтауға жол бермеу және гендерлік теңдік мәдениетін орнықтыру. Психологиялық көмек бағытында соңғы жылдары онлайн сервистер мен сенім телефондарының желісі кеңейді. “111 - Балалар мен жастарға арналған сенім телефоны”, “150 - Әйелдерге арналған сенім желісі” сияқты қызметтер тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл қызметтерге жыл сайын 30 мыңнан астам қоңырау түседі, олардың көпшілігі тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты. Мұндай байланыс арналары тек көмек алудың емес, сондай-ақ зорлық фактілерін ерте анықтаудың тиімді құралы болып отыр.[10]

Қорытынды

Отбасылық зорлық-зомбылық - тек жеке адамдар арасындағы жанжал емес, бүкіл қоғамның әлеуметтік және моральдық денсаулығын айқындайтын күрделі құбылыс. Қазақстанда соңғы жылдары бұл мәселе кеңінен зерттеліп, мемлекет тарапынан нақты шаралар қабылдануда. Статистикалық деректер көрсеткендей, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері жыл сайын артып келеді, бұл жағдай мәселенің өзектілігін айқын дәлелдейді. Алайда осының өзінде қоғамда зорлық-зомбылыққа “төзімділік” танытатын көзқарастар әлі де бар, бұл - өзгерісті тежейтін ең қауіпті факторлардың бірі. Зерттеу нәтижесінде анықталғандай, зорлық-зомбылықтың негізгі себептері - гендерлік теңсіздік, әлеуметтік-экономикалық қиындықтар, психологиялық сауатсыздық және дәстүрлі түсініктердің теріс ықпалы. Мұндай факторлар өзара байланыса отырып, отбасындағы зорлықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауға әкеледі. Ал оның салдары тек физикалық жарақатпен шектелмейді: жәбірленушілердің психикалық күйзеліске түсуі, балалардың мінез-құлқындағы өзгерістер, отбасылық байланыстардың бұзылуы сияқты терең әлеуметтік зардаптар тудырады. Мемлекет бұл бағытта кешенді шаралар қабылдап отыр. «2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» аясында дағдарыс

орталықтары мен “қауіпсіз үйлер” жүйесі кеңейтіліп, жәбірленушілерге психологиялық және құқықтық көмек көрсетілуде. Сонымен қатар, қорғау нұсқамасын бұзғандарға жауапкершілік күшейтіліп, полиция мен әлеуметтік қызметтердің өзара іс-қимылы жақсарды. Мұндай қадамдар зорлық-зомбылықты азайтуда нақты нәтижелер беріп келеді. Дегенмен, заңнамалық шаралармен қатар қоғамның көзқарасын өзгерту аса маңызды. Зорлық-зомбылыққа “үнсіздікпен келісу” мәдениетін жою — ең басты міндеттердің бірі. Бұл ретте білім беру мекемелерінің, БАҚ пен үкіметтік емес ұйымдардың, әсіресе жастармен жұмыс істейтін қоғамдық құрылымдардың рөлі ерекше. Қоғамда зорлықты ақтамай, керісінше оны ашық айыптау, құрбандарды қолдау және ерлердің жауапкершілігін арттыру мәдениетін қалыптастыру қажет. Қорытындылай келе, отбасылық зорлық-зомбылықпен күрес – тек құқықтық немесе әлеуметтік мәселе емес, ол ұлттық қауіпсіздік пен адамгершілік құндылықтардың өзегі болып табылады. Егер қоғамның әр мүшесі зорлық-зомбылыққа қарсы жеке жауапкершілігін сезінсе, отбасындағы татулық пен өзара құрмет мәдениеті қалыптасады. Тек сонда ғана біз зорлықсыз, қауіпсіз және әділетті қоғам құра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар». – Астана, 2023. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000748>
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі. «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шаралары туралы есеп». – Астана, 2024. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25C0000352>
3. БҰҰ Әйелдер ұйымы (UN Women). «Қазақстандағы гендерлік зорлық-зомбылық туралы талдамалық есеп». – Алматы, 2022. https://eca.unwomen.org/sites/default/files/2024-10/un_women_kazakhstan_kaz.pdf
4. «Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі артты» // Vcentre.kz – 20.12.2024. – <https://zhaikpress.kz/kk/news/kazakstanda-turmystyk-zorlyk-zombylyktyn-aldyn-alu-zhane-ajelder-kukygy-n-korgau-sharalary-kushejtilip-zhatyr/>
5. «Атырау облысында отбасылық зорлықтың алдын алу шаралары күшейтілді» // Polisia.kz – 12.08.2024. – <https://polisia.kz/atyrauda-otbasyndaghy-turmystyq-zorlyq-zombylyqtyng-aldyn-alu-taqyrybynda-seminar-otti/>
6. «В Казахстане в 2024 году зарегистрировано 225 случаев насилия над детьми» // Kazinform – 10.07.2024. – https://www.kt.kz/rus/society/v_kazahstane_v_2024_godu_zaregistrovano_225_sluchae_v_1377975001.html

7. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен). – Астана: Әділет министрлігі, 2023. – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_
8. Сатыбалды, Г. «Қоғам және зорлық: отбасындағы дағдарыс пен шешім жолдары» // Егемен Қазақстан, 2023.
9. Айтжанова, А. «Тұрмыстық зорлықтың әлеуметтік салдары» // Қазақ университеті хабаршысы. – 2022. – №4. – Б. 45–50.
10. UNFPA (БҰҰ халық қоры). «Gender-Based Violence in Central Asia: Situation Overview». – New York, 2021.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.